

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабегенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

286	Есенова Н.Е. Оқыту процесіндегі рефлексияның мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудағы маңызы	1191
287	Жакыпбекова А.Т., Зулпукарова Д.И., Сманова Н.Т. Ценности профессиональной деятельности будущих молодых учителей	1195
288	Игибаева А.К., Ақитбаева Н.К Некоторые аспекты подготовки будущего педагога в условиях вызовов современного социума	1199
289	Асылбекова М.П., Таңатарқызы Г. Болашақ педагог-психологтердің метақұзіреттілігін дамытудың теориялық негіздері	1204
290	Койшыманова А.М., Атемова К.Т. Цифрлық трансформация жағдайында педагог-психологтарды оқушылардың мобильдік тәуелділігін алдын алуға даярлау	1208
291	Шакаримова К.К., Сламбекова Т.С., Хасан А Цифрландыру дәуіріндегі болашақ педагог-психологтың кәсіби имиджі: ғылыми-теориялық аспектілері	1212
292	Toleubekova R.K., Talpakova M.Z. Formation of corporate competencies of teachers based on a value approach to professional development	1219
293	Сламбекова Т.С., Байсарина Ж.С. Болашақ педагогтерді оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға дайындау	1224
296	Нұрқасымова С.Н., Толекенова Л.А., Нұрланқызы Г. Сараланған тапсырмалар арқылы білім алушылардың физикалық есептерді шешу біліктерін қалыптастыру	1229
297	Айкинбаева Г.Қ., Таукибаева Ш.Ж., Жылқыбаев К.Д., Шериязданов Б.Р. Жеке тұлғаның дамуына ұлттық құндылықтар мен дәстүрдің әсері	1235
298	Ботабаева А. Е., Қажатбек С. Оқушылардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытудың маңыздылығы	1240
299	Истомина Н.С. Интеграция ценностей программы «Адал азамат» в профессиональную деятельность педагога	1243
300	Шангереева С.А., Албытова Н.П. Аксиологические основы профессионального развития будущих педагогов в высшем образовании	1247
301	Торebaева Г.Р., Бельгибаева Г.К., Yucel Gelislli Педагогикалық колледждің білім беру жүйесінде геймификация технологиясын қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту	1254
302	Албытова Н.П. Білім беру ортасының белгісіздігі жағдайында оқытушының кәсіби бірегейлігін құндылық-мағыналық реттеу	1260
303	Шолпанқұлова Г.К., Ақын А.К. Болашақ педагог-психологтердің гендерлік мәдениетін дамытудың педагогикалық шарттары	1264
304	Ахунова У.О. Музыка как инструмент формирования эмоциональной и социальной компетентности учащихся	1269

305	Нұралы С., Фейзулдаева С.А. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі	1272
306	Темірхан А.Е., Мухметова Р.Ж. Оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы smart мақсаттардың рөлі	1276
307	Кишибаева Д.Ж., Оңғарбаева Ж. Педагогтың білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы кәсіби дамуы	1279
308	Polatova A.N., Mamurbekova Z.U. Future perspectives of scientific research in the field of higher education	1284
309	Абдалинова А.Б. Воспитание патриотизма учащихся через внеурочную деятельность: педагогико-психологические основы и практические подходы	1288
310	Темирханова К.Ш. Когнитивтік әдістер – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ғылыми-коммуникациялық дағдыларын дамытудың құралы	1292
311	Байменова Б.С., Медей М. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту	1294
312	Кадырова Ж.Д. Жоғары сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы құндылыққа негізделген кәсіби бағдардың рөлі	1298
313	Ибрайханова А.Е. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқырмандық сауаттылығын қалыптастыруда отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың әдістемелік жүйесі	1303
314	Нұрланқызы Д. Жеткіншек жастағы оқушылардың қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының ерекшеліктері	1306
315	Кәрімова А.Е. Ғылымаралық коммуникация жағдайындағы жоғары мектеп педагогикасы: қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары	1311
316	Загородская В.С., Мичирова Р.Р. Ценностный подход в педагогическом сопровождении классных руководителей как условие профилактики конфликтов среди обучающихся	1319
317	Темиргалиева А.Б. Аксиологический вектор цифровизации начального образования: развитие профессиональной компетентности педагога-эксперта	1323
318	Байзакова З.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларда еңбек әрекеті арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру	1326
319	Серік М. Мектеп жасына дейінгі балалардағы буллингке әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторлар	1330
320	Lyu Y. A value-based approach to the professional development of the modern physical education teacher	1334
321	Abiltayeva A. An axiological approach to the development of environmental competencies of students of pedagogical fields	1339
322	Төреханова Е.С. Мұғалімнің эмоционалдық интеллекті және көшбасшылық қабілеті	1342

323	Абдуллаева Г.С., Баймұрза А.А. Музыка сабақтарында жасанды интеллектті қолдана отырып, оқушылардың эстетикалық және эмоционалдық құндылықтарын арттыру	1346
324	Айдархан М.А., Халикова Н.С. Жыраулар поэзиясын оқытуда герменевтикалық талдауға үйретудің тиімді жолдары	1349
325	Айдарханова Н.Т. Үздіксіз білім беру жағдайындағы педагог тұлғасының кәсіби дамуының өзектілігі	1353
326	Мағзумова З.Н. Жаһандық педагогикалық трендтер контекстінде болашақ мектеп директорларының көшбасшылық дағдыларын дамыту	1357
327	Муханбеткалиева М.Т. Цифрлық білім беру ортасында жасөспірімдердің құндылық бағдарын дамыту: жасанды интеллект мүмкіндіктері	1363
328	Есимова А.Б. Балалар арасында буллингтің алдын алу жолдары	1368
329	Рүстембекова А.Ғ. Әдебиеттік оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының гуманистік қарым-қатынас мәдениетін дамыту	1372
330	Тажединова А.Д. Болашақ педагогтердің кәсіби лидерлік дағдыларын дамытудың педагогикалық алғышарттары	1377
331	Әскербек А.Қ., Мурзина С.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы мұғалімнің кәсіби рөлі мен педагогикалық құзыреттілігі	1381
332	Бекзат А.Б., Ералин Қ.Е., Саймбетова Ж.Т. Кәсіби дизайнерлердің мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы этнодизайн қағидаттарының рөлі	1385
333	Шалабаева Ж.С., Ережепова Б.Т., Серикханқызы А., Сұлтанқызы Р.А., Қайратқызы Д. Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағында топтық жұмыс арқылы ынтымақтастығын қалыптастыру ерекшеліктері	1389
334	Гафиятуллина Н.Б. Формирование готовности будущих учителей начальных классов к профилактической работе с младшими школьниками	1393
335	Куандыкова Э.К., Глеубергенова К.А. Карменова Н.Н., Зиявдинова А. К. Сравнительный анализ отечественного и российского опыта практической направленности школьной географии	1397
336	Данабекова Д.А., Ақитбаева Н.К. Психолого-педагогические подходы к интеграции обучения в системе школьного образования РК	1402
337	Дауенова М., Ақитбаева Н.К. Қазіргі жағдайда жасөспірім тұлғасының дамуына элеуметтік-мәдени ортаның әсері	1407
338	Сералы Ә.Е., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру	1411
339	Сағындықова А.Т., Есмаханова Г.А.	

	Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыруда ертегі терапиясының маңызы	1416
340	Уайсова К.Т. Болашақ бастауыш білім педагогтерін театрландыру әдістері негізінде оқушыларды оқытуға даярлаудың педагогикалық шарттары	1420
341	Медеубаева К.Т., Сейтенова С.С. Инновациялық білім беру жағдайында студенттердің күзіреттілігі мен оқу мотивациясын дамытуға геймификацияның ықпалы	1425
342	Мурсалиева А.К. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мотивациясын ынталандыру және басқару	1429
343	Алимулова А.С. Дене тәрбиесінде волейболдың маңызы	1434
344	Zhamalbek A. Ethical and legal boundaries of pedagogical discourse: mechanisms for preventing aggressive speech acts as the foundation of a teacher's professional culture	1438
345	Есеналиева Н. Химия сабақтарында цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі	1441
346	Жұмабек Ұ.Ә., Убайдулла Ж.С. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту	1446
347	Таурбекова А.С. Болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды тиімді қолдануға даярлау	1450
348	Атышева Б.Б., Zhalel A. Болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық құзыреттілігін экологиялық ойлаумен ұштастыра дамыту жолдары	1455
349	Ахмаджанова Д.С. Бала тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды қолданудың маңызы	1459
350	Кожгельдиева С.С., Қожабаева А.А. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау ерекшеліктері	1465
351	Сейтова Ж.Ә. Болашақ әлеуметтік педагогтардың өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік интеллектісін қалыптастыру	1472
352	Абдрасилова Г.Л., Атемова К.Т. Оқушылар прокрастинациясының алдын-алу: педагог-психолог даярлығындағы құндылықтық басымдық ретінде	1479
353	Асантаева Ұ.С. Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі	1484
354	Булатбаева А.Ә., Иманбекова Б.І., Болатов А.М Білім беру ұйымдарында суицидтің алдын алуды ұйымдастырудағы жүйелі тұғыр	1488
355	Әшірбай А.С. Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме: жүсіп баласағұн идеялары негізінде	1493
356	Жаныбекова Л.Т., Жаныбекова Р.Т., Қайырбосынқызы Ә. Влияние изучения иностранного языка на формирование профессиональных компетенций будущего специалиста	1497
357	Боранбаева Г.Н.	

	Диалог поколений: трансформация ценностных ориентаций молодых учителей и опытных наставников	1501
358	Искакова Д.А. Жеткіншектер арасындағы буллингті алдын алудағы әлеуметтік педагогтың рөлі	1506
359	Касымбекова А. Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	1510
360	Дарбаева Г.Қ. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби дамуындағы психологиялық саулықтың құндылықтық маңызы	1515
361	Утеубаева Н.А. Формирование языковой личности современного студента в многоязычной образовательной среде: ценностный и социолингвистический аспекты	1520
362	Узакбаева А.Т., Текеев И., Рахимжанова Л.Б. Методические принципы и педагогические условия адаптивного обучения на основе интерактивного веб-приложения	1524
363	Мускина А.Н. Жас педагогтің кәсіби дамуының құндылықтық бағдарлары	1529
364	Азимов К.Э. Педагогические возможности предмета «начальная допризывная подготовка» в формировании у учащихся чувства патриотизма в условиях образования, основанного на ценностях	1534
365	Мұратқызы А. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуында құндылық бағдарларын қалыптастыру	1539
366	Байназарова А.Б. Бала тұлғасының әлеуметтік бейімделуі отбасы тәрбиесі жағдайында	1544
367	Абенев Н.Н., Махамбетова Ж.Т. Жасөспірімдердің эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің рөлі	1549
368	Аметхан Ж. Зар заман поэзиясын оқытудың тиімді әдістері	1554
369	Сайманова П.С. Оқушылардың психологиялық резиленттілігін дамытуға болашақ педагог-психологтерді даярлаудың теориялық негіздері	1559
370	Кулымбаева А.К., Нуркасинова Л.М. Білім берудегі лидерліктің құндылығы және оның қалыптасу механизмдері	1564
371	Қонысбаев Қ.Б., Жандилдина Р.Е. Дене тәрбиесінде баланың жеке тұлға қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологияларын енгізудің тиімді жақтары	1568
372	Курбанов А.С., Ағабек Т.С. Қазақ тілі сабақтарында әдеби мәтін мен лингвистикалық талдауды кіріктіре оқытудың тиімділігі	1572
373	Курманова С.Б., Абдрахманова Р.Р., Литовченко А.Р. Культура клипового мышления: деградация или новая форма разума?	1575
374	Курманова С.Б., Нұрғожа А.Б., Еркінқызы М Критическое мышление как условие модернизации общественного сознания в Республике Казахстан	1580

375	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	1584
376	Чакенова Б.А. Халықаралық тәжірибе контекстінде қазақ дәрігерлерінің ағартушылық бастамалары	1587
377	Кабылбекова Л.Б., Байдалиев Д.Д. Мектеп географиясында табиғи қауіптерді оқыту арқылы білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу	1592
378	Адаменко А.В. Диагностика уровня сформированности экологической культуры студентов	1597
379	Джанабаяев К.Т., Жанабай А.А., Тұрысбек Ж.Ө. Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктері	1600
380	Жолдасбаева Т.Ә. Қазіргі білім беру жағдайында ер балалардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастырудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері	1604
381	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	1607
382	Қабен Н.Ғ., Бәйдірова С.С., Ақылбекова Ә.А. Бастауыш сынып оқушыларына этномәдени негіздегі патриоттық тәрбие беру	1610
383	Джабиева М.Х., Ермаков Д.С., Амантай Ж.А. Персонализированное образование: проблемы и решения (На примере учебного модуля «педагог: профессия и личность»)	1613
384	Менлибекова Г.Ж., Ниязова Г.Б. Качество образования как целевые ориентиры образовательной программы	1616
385	Асылбекова М.П., Таукелова А.Е. Цифрлық орта жағдайында студенттердің мәдени құндылықтарын дамытудың маңыздылығы	1622
386	Жумабекова Ф.Н. Цифрлық дәуірдегі заманауи педагог мамандарды даярлаудағы құндылықтарға бағдарланған тәсілдеме	1626
387	Махадиева А.К. Формирование позитивного самоотношения будущих социальных педагогов средствами активных методов обучения	1630
388	Бурдесбекова У.И. Менталды денсаулықтың көп аспектілігі мен зерттелу жолдары	1633
389	Сарипбекова А.Т. Теоретические подходы к изучению партисипативной готовности будущих педагогов	1637
390	Жандосқызы А., Кошанова М.Т. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен толеранттылық: болашақ педагог-психологтердің кәсіби даярлығындағы интеграция	1640

және олардың әлеуметтік ортада нәтижелі әрекет етуіне мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлау үдерісінде әлеуметтік интеллектіні өзін-өзі реттеу негізінде мақсатты және жүйелі түрде қалыптастырудың маңыздылығын дәлелдеді. Мұндай тәсіл мамандардың кәсіби табыстылығын арттыруға, әлеуметтік өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастыруға, эмоционалдық тұрақтылық пен тұлғалық дамуды қолдауға бағытталған кешенді педагогикалық стратегия ретінде ұсынылады.

### Қолданылған әдебиеттер

1. Торндайк Э. Интеллект и его измерение. – М.: Педагогика, 1998.
2. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ, 2018.
3. Бар-Он Р. Эмоциональный и социальный интеллект. – Нью-Йорк: Psychology Press, 2006.
4. Олпорт Г. Личность: психологическая интерпретация. – СПб.: Питер, 2002.
5. Gardner H. Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences. – New York: Basic Books, 2011.
6. Bandura A. Social Foundations of Thought and Action: A Social Cognitive Theory. – Englewood Cliffs: Prentice Hall, 1986.
7. Zimmerman B. Self-Regulated Learning and Academic Achievement. – New York: Springer, 2001.
8. Кул Ю. Мотивация и саморегуляция поведения. – М.: Смысл, 2000.
9. Боекартс М. Self-Regulation and Learning. – London: Academic Press, 2005.
10. Андреева Г.М. Социальная психология. – М.: Аспект Пресс, 2010.
11. Панов В.И. Социально-педагогическая деятельность: теория и практика. – М.: Академия, 2016.
12. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Білім, 2014.
13. Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
14. Мұқанова А.К. Студенттердің эмоциялық тұрақтылығын дамыту жолдары. – Алматы: ҚазҰПУ баспасы, 2019.
15. Сатиева А.Ә. Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2021.

### ӘОЖ 37.048

### ОҚУШЫЛАР ПРОКРАСТИНАЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ: ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ДАЯРЛЫғыНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАСЫМДЫҚ РЕТІНДЕ

**Абдрасилова Гулсим Лесбековна**

PhD докторант

[gulsimlesbekovna@gmail.com](mailto:gulsimlesbekovna@gmail.com)

**Атемова Калипа Турсуновна**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

**Аннотация.** Қазіргі білім беру ортасы жағдайында педагог-психологтарды даярлау тек кәсіби құзыреттіліктерді ғана емес, сонымен қатар білім алушының жеке басын сүйемелдеуге бағытталған тұрақты құндылық бағдарларын біріктіруді талап етеді. Мақалада халықаралық теориялық негіздерді, эмпирикалық қазақстандық зерттеулерді және нормативтік құқықтық талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының педагог-психологтарын кәсіби даярлаудағы құндылықтық тәсілдің маңыздылығы талданған. Оқушылардың прокрастинациясы оқушылардың мотивациялық құндылық құрылымдарының жетіспеушілігінің бір ғана көрсеткіші ретінде қарастырылады, оның призмасы арқылы болашақ мамандарда оқушылардың дамуына ықпал ететін құндылық ұстанымдарын қалыптастыру қажеттілігі атап көрсетіледі.

**Annotation.** In the context of the current educational environment, the training of pedagogical psychologists requires not only professional competencies, but also the unification of sustainable value orientations aimed at supporting the individual of the student. The article analyzes the importance of the value-based approach in the professional training of pedagogical psychologists of the Republic of Kazakhstan, taking into account international theoretical foundations, empirical Kazakhstani research, and regulatory legal requirements. Students' procrastination is considered as a single indicator of students' motivational value structures' insufficiency, and through its prism, the need to form value principles that influence students' development in future specialists is emphasized.

**Түйін сөздер:** педагог психолог, кәсіби дайындық, құндылықтық көзқарас, Қазақстан, білім беру саясаты, прокрастинация.

**Keywords:** teacher psychologist, professional training, value-based approach, Kazakhstan, education policy, procrastination.

## Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру оқушы тұлғасының дамуына, оның іс-әрекетті өз бетінше жоспарлау қабілетіне, ішкі мотивациясына, тұрақты құндылықтарына бағытталған. Алайда академиялық ортада прокрастинация - өзін-өзі реттеу мен мотивацияның жеткіліксіздігіне байланысты маңызды оқу тапсырмаларын орындауды кейінге қалдыру сияқты көріністер жиі анықталады [1]. Прокрастинация - студенттердің оқу іс-әрекетінде тұлғаның құндылық және мотивациялық құрылымдарының жетіспеушілігінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Бұл зерттеудің негізгі мәселесі Қазақстан Республикасының білім беру ортасында оқушылардың дамуын тиімді сүйемелдеуге қабілетті педагог-психологтарды даярлаудағы құндылық басымдықтарының маңыздылығын негіздеуге бағытталған.

Педагогтардың кәсіби дайындығы теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесімін қамтитын халықаралық танылған негіздерге ие. Зерттеулер көрсеткендей, педагогтарды даярлаудың заманауи жүйелері академиялық дайындықты практикалық қызметпен және құндылық компонентімен үйлестіруі керек [2].

Бұл тәсілдер мыналарды қамтиды:

- құзыреттілікті дамыту;
- практикалық тәжірибені біріктіру;
- тұрақты кәсіби құндылықтарды қалыптастыру.

Осы тұрғыдан педагог-психологтарды даярлау саласындағы қазақстандық зерттеулерге, оның ішінде заманауи психологтың негізгі атрибуттары тоқталу өте маңызды. Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының базасында жүргізілген Щербакованың зерттеулері қазіргі заманғы психологтың бойында болуы керек негізгі қасиеттерді анықтады: эмпатия, моральдық принциптер және шынайылық, бұл кәсіби дайындықтағы құндылық сипаттамаларының маңыздылығын көрсетеді [3]. Бұл нәтижелер әдістемелерді білу ғана емес, сонымен қатар болашақ маман тұлғасының құндылық қасиеттері тиімді кәсіби қызмет үшін маңызды екенін көрсетеді.

Сондай-ақ ұлттық құндылықтардың педагог психологтарды даярлау факторы ретінде қарастырған зерттеулер баршылық. Бұл зерттеулерде маман даярлауда ұлттық құндылықтар мен мәдени контексті ескеруі керектігі айтылған. Кабекеева мен авторларының зерттеуінде ұлттық құндылықтарды білім беру бағдарламаларына енгізуге баса назар аударылады, бұл мәдениетке құрметпен қарауды тәрбиелеуге және адамгершілік бағдарларды дамытуға ықпал етеді [4].

Зерттеуімізде оқушылардың прокрастинациясын алдын алу педагог-психологтарды даярлаудағы **құндылықтық басымдықтың негізгі көрсеткіші** ретінде қарастырылады, себебі ол оқушылардың мотивациялық және құндылықтық құрылымындағы мүмкін болатын кемшіліктерді айқын көрсетеді. Прокрастинация педагог-психологтарды дайындаудың мақсатында негізгі бағыттардың бірі болғандықтан, оны зерттеу оқушының өзін-өзі реттеу, мотивация және жеке құндылық құрылымдарының әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, Маринова мен әріптестерінің зерттеуі көрсеткендей, білім беру ортасын цифрландыру факторлары студенттерде академиялық прокрастинацияның пайда болуына ықпал етеді, бұл олардың мотивациялық дағдыларының және өзін-өзі реттеу қабілеттерінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, прокрастинацияны талдау педагог-

психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықты қалыптастырудың маңызды индикаторы ретінде қызмет етеді [1]. Осылайша, прокрастинацияның алдын алу үлкен мәселенің бір бөлігі ретінде қарастырылады - оқушылардың тұрақты мотивациялық және мінез-құлық стратегияларын дамыту, бұл құндылық көзқарасы бар педагог-психологтардың қатысуын талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, прокрастинацияны зерттеу тек мотивациялық және құндылықтық құрылымдардың әлсіз жақтарын анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар **Қазақстандағы педагог-психологтарды даярлаудың нормативтік құқықтық негізін түсінуден басталатыны айқын нәрсе. Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тек оқу бағдарламалары мен практикалық дағдыларды меңгеру арқылы жүзеге аспайды, ол заңнамалық талаптармен, мемлекеттік стандарттармен және кәсіби нормалармен үйлесуі керек.** Мысалы, **Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж.)** педагогикалық қызметтің негізгі мақсаттары мен міндеттерін белгілейді, оның ішінде жеке тұлғаның дамуы, білім беру сапасын қамтамасыз ету және кәсіби этика принциптерін сақтау қарастырылған [5]. Сонымен қатар, **жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды даярлау мемлекеттік стандарттары мен кәсіби стандарттары** (Мұғалімнің кәсіби стандарты, 2022) мамандардың құзыреттерін қалыптастыруда құндылықтық және этикалық компоненттердің болуын міндеттейді [6]. Осы нормативтік құқықтық база зерттеуімізде маңызды рөл атқарады, себебі ол:

Педагог-психологтардың кәсіби қызметін құқықтық тұрғыдан реттейді:

1. Бағдарламалық, әдістемелік және практикалық компоненттердің **құндылықтық басымдықпен үйлесуін қамтамасыз етеді;**

2. Академиялық зерттеулер мен тәжірибелік дағдыларды заңды, этикалық және мәдени контекстке сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Яғни, Қазақстандағы нормативтік құқықтық база педагог-психологтарды даярлаудағы **құндылықтық басымдықты** бекітіп, оны оқу процесінде жүйелі түрде жүзеге асырудың негізін құрайды.

Сондай-ақ педагог-психологтердің кәсіби дайындығында құндылықтық көзқарасты: негізгі компоненттердің бірі ретінде көрсетуіміздің себебі – педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықтың теориялық және практикалық негіздерін көрсету. Бұл келесі мақсаттарға қызмет етеді:

Педагог-психолог кәсібінің мәнін ашу. Кәсіби дайындық тек теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруден тұра бермейді. Психологтың кәсібилігі оның құндылықтық ориентациясына байланысты, себебі кәсіби шешімдер мен әрекеттер осы құндылықтар негізінде қабылданады.

Құндылықтық компоненттердің құрылымын нақты көрсетсек:

Гуманистік құндылықтар - оқушы тұлғасын құрметтеуді, эмпатияны және жеке тұлғаға назар аударуды дамытуға бағытталған. Бұл құндылықтар педагог-психологқа оқушылардың ішкі ресурстарын ашуға және психологиялық қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге олардың оқу мотивациясын және өзін-өзі реттеу қабілеттерін қолдайды.

Этикалық құндылықтар - педагог-психологқа құпиялылық, адалдық, әділдік принциптерін сақтауға негіз береді, бұл сенімді қарым-қатынас қалыптастыруға және кәсіби этикалық стандарттарды орындауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік кәсіби құндылықтар - ынтымақтастық, рефлексия және кәсіби жауапкершілікті дамытуға бағытталған, бұл педагогикалық қызметтің сапасын арттырып, командалық жұмысқа дайындықты қамтамасыз етеді.

Практикалық маңыздылық туралы сөз қозғаудағы мақсатымыз:

-педагог-психологтарды құндылықтық тұрғыдан кешенді дайындаудың маңызды аспектілерін көрсету;

-оқу бағдарламалары мен практикаға құндылықтық компоненттердің интеграциясын негіздеу;

-оқушылардың мотивациялық және психологиялық дамуына әсер ететін педагогтық әдістерді құруға ғылыми негіз беру болып табылады.

Яғни, практикалық маңыздылығын ашып көрсету - педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықтың нақты құрылымын көрсетуге, олардың кәсіби әрекеттерін құндылықтармен байланыстыруға және оқу процесіне ғылыми негізде енгізуге бағытталған.

Осылайша, педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық көзқарас – олардың кәсіби қызметінің негізін құрайтын маңызды компонент болып табылады. Атап айтсақ **гуманистік құндылықтар** оқушылардың жеке тұлғасын құрметтеуге және олардың ішкі ресурстарын дамытуға бағытталған психологиялық қолдауды қалыптастыруға ықпал етсе, **этикалық құндылықтар** сенімді, адал және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Ал **әлеуметтік кәсіби құндылықтар** ынтымақтастық, рефлексия және кәсіби жауапкершілікті дамыту арқылы педагог-психологтардың кәсіби дайындығын толықтырады.

Осы теориялық және құрылымдық негіздер негізінде **оқыту бағдарламасына құндылық компонентін енгізудің практикалық аспектілері** айқын көрінеді. Яғни, бағдарлама тек теориялық білім мен практикалық дағдыларды емес, сонымен қатар педагог-психологтың кәсіби құндылықтарын да дамытуды көздеуі керек. Бұл келесі әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

**1. Модульдік интеграция** – курстар мен практикумдарға гуманистік, этикалық және әлеуметтік құндылықтарды енгізу.

**2. Рефлексивтік жаттығулар** – студенттердің өз құндылықтарын түсінуі, этикалық дилеммаларды талдауы, кәсіби тәжірибеге баға беруі.

**3. Супервизия және практикалық бақылау** – педагог-психологтардың құндылықтық басымдықтарын нақты кәсіби жағдайларда қолдану қабілетін дамыту.

Осылайша, **осы сипатталған құндылықтық компоненттердің әрқайсысы** оқу бағдарламасында нақты практикалық әдістерге айналады, бұл педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықты **нақты іс-әрекетке аударуға** мүмкіндік береді.

Оқыту бағдарламасына құндылық компонентін енгізу бірнеше негізгі практикалық әдістер арқылы жүзеге асады. Біріншіден, **модульдік интеграция** курстар мен практикумдарға **гуманистік, этикалық және әлеуметтік құндылықтарды** енгізуге мүмкіндік береді. Бұл студенттердің тек теориялық білім алуын ғана емес, сонымен қатар құндылықтық принциптерді күнделікті кәсіби іс-әрекеттерінде қолдана білуін қамтамасыз етеді. Модульдер студенттерге әртүрлі жағдайларда этикалық шешім қабылдау, эмпатияны көрсету және оқушылармен сенімді қарым-қатынас құру дағдыларын дамытуға бағытталған.

Екіншіден, **рефлексивтік жаттығулар** студенттердің өз құндылықтарын түсінуіне, кәсіби тәжірибеге этикалық бағасын беруге және нақты кәсіби дилеммаларды талдауға мүмкіндік береді. Мұндай жаттығулар жеке тұлға мен кәсіби әрекеттер арасындағы байланыстарды терең түсінуге ықпал етеді, сонымен қатар студенттердің **өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту және кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін** жетілдіреді.

Үшіншіден, супервизия және практикалық бақылау педагог-психологтардың құндылықтық басымдықтарын нақты кәсіби жағдайларда қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс студенттердің теориялық білімін практикалық іс-әрекеттермен үйлестіруге, этикалық және гуманистік принциптерді нақты мектеп жағдайларында қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, модульдік интеграция, рефлексивтік жаттығулар және супервизия сияқты практикалық әдістер педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықты нақты іс-әрекетке аударуға мүмкіндік береді. Олар оқу бағдарламасының құрылымдық элементтері ретінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін және жеке тұлғалық қасиеттерін кешенді түрде дамытады. Төменде педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық компоненттер және практикалық әдістердің мақсаты мен тиімділігі байланысын айқындайтын кестені ұсынамыз.

Кесте 1. Педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық компоненттер және практикалық әдістер

Құндылықтық компонент	Практикалық әдіс	Мақсаты және тиімділігі
Гуманистік, этикалық, әлеуметтік құндылықтар	Модульдік интеграция	Студенттердің теориялық білімін нақты кәсіби әрекеттерге интеграциялау; этикалық шешім қабылдау, эмпатия және сенімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту
Құндылықтарды түсіну және талдау	Рефлексивтік жаттығулар	Өз құндылықтарын түсіну, кәсіби тәжірибеге баға беру, этикалық дилеммаларды талдау арқылы өзін-өзі дамыту қабілетін жетілдіру
Құндылықтық басымдықтарды қолдану	Супервизия және практикалық бақылау	Теориялық білімді нақты кәсіби жағдайларда қолдану; кәсіби шешім қабылдау, этикалық және гуманистік принциптерді іс жүзінде қолдану қабілетін дамыту

Кестеден көргеніміздей, құндылықтық компоненттердің әрқайсысы оқу бағдарламасында нақты практикалық әдістерге айналады, бұл педагог-психологтарды даярлаудағы құндылықтық басымдықты тек теориялық деңгейде емес, нақты іс-әрекетке аударуға мүмкіндік береді. Кесте сондай-ақ бағдарламалық құрылым мен кәсіби тәжірибені байланыстыратын көпір ретінде қызмет етеді, студенттердің құндылықтық дамуын жүйелі түрде қамтамасыз етеді.

Педагог-психологтарды кәсіби даярлауда құндылық компоненті тек диагностикалық және түзету дағдыларын қалыптастырумен шектелмейді. Ол сондай-ақ болашақ маманның оқушы үшін қолдау ортасын құру қабілетін дамытуға бағытталған негізгі элемент болып табылады. Мағына қалыптастыру теориялары көрсеткендей, оқушының оқу мотивациясы оның құндылықтар жүйесіне және оқу іс-әрекетінің мағынасын қабылдауына тікелей байланысты. Сол себепті педагог-психологтарды даярлау болашақ мамандардың оқушылар үшін мәнді құндылықтар мен мағыналарды "оқу" қабілетін, сондай-ақ осы құндылықтарға сүйене отырып оқушымен тиімді диалог құру қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс [7].

Сонымен қатар, Щербаква (2024) жүргізген зерттеу көрсеткендей, эмпатия мен құндылықтарға бағдарланудың жоғары деңгейіне ие болашақ психологтар оқушыларға қиын жағдайларда психологиялық қолдау көрсетудің айтарлықтай тиімділігін көрсетеді. Бұл, атап айтқанда, оқушылардың мазасыздық деңгейін төмендетуге, оқу мотивациясын арттыруға және стресс жағдайларына төзімділігін қолдауға ықпал етеді. Мұндай қолдау прокрастинация көріністерімен тығыз байланысты, өйткені олар оқушының ішкі мотивациясы мен өзін-өзі реттеу дағдыларының жетіспеушілігінің индикаторы болып табылады.

Осылайша, педагог-психологтарды даярлаудағы құндылық компоненті тек теориялық немесе этикалық тұрғыдан маңызды емес, сонымен бірге оқушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдаудағы практикалық және функционалдық құрал ретінде қызмет етеді. Ол болашақ мамандарға оқушылардың мотивациялық және құндылықтық қажеттіліктерін түсіну, оларды қолдау және оқыту процесінде мәнді диалог құру қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында педагог-психологтарды даярлаудың қазіргі жағдайында тұрақты кәсіби құндылықтарды қалыптастыру басты рөл атқаратыны айқындалды. Мұндай құндылықтар іс-әрекеттің этикалық негізін қамтамасыз етіп қана қоймай, мамандарға оқушы дамуының мотивациялық және тұлғалық аспектілерімен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада прокрастинация жеткіліксіз дамыған мотивация мен жеке мағыналардың көрсеткіші ретінде қолданылды, бұл мамандарды даярлауда құндылық компоненттеріне назар аудару қажеттілігін көрсетеді.

Құндылықтық рефлексия, этикалық нормалар және пәнаралық өзара іс-қимыл модульдерін қамтитын білім беру бағдарламаларын жасау оқушы тұлғасының дамуын жоғары кәсіби деңгейде сүйемелдеуге қабілетті практиктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

### Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Marinova, T.Yu., Feoktistova, S.V., Grigorieva, I.V., Shatalova, I.I., Kozintseva, P.A. Факторы, влияющие на проявление академической прокрастинации студентов в условиях цифровизации обучающей среды. Вестник практической психологии образования, 22(2), 148–164, 2025. DOI: 10.17759/bppe.2025220211.
2. Kereeva, O., Yegenissova, A., & Bayar, A. (2025). *Professional development of novice teachers: A review of international experience*. *Pedagogy and Psychology*, 62, 105–113. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1617>
3. Chsherbakova, Y., Burdina, E., Alimova, S., Zhumadirova, K. Developing psychologist attributes in higher educational institutions: case of Kazakhstan. *International Journal of Evaluation and Research in Education*, 13(3), 2024. DOI: 10.11591/ijere.v13i3.27908.
4. Kabekeeva, K. K., Mukhamedaly, S. B., & Kenzhebaeva, K. S. (2025). Подготовка будущих педагогов-психологов к работе с молодежью на основе национальных ценностей. Вестник университета Ясави, Том 2 (136), 394–406.
5. Қазақстан Республикасы. (2007). *Білім туралы заң* [Law on Education]. Қазақстан Республикасының Заңдар жинағы, № 319. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2022). *Мұғалімнің кәсіби стандарты* [Professional Standard for Teachers]. Алматы: Білім министрлігі. <https://www.edu.gov.kz/standarts>
7. Deci, E. L., & Ryan, R. M. (2000). *The "what" and "why" of goal pursuits: Human needs and the self-determination of behavior*. *Psychological Inquiry*, 11(4), 227–268. [https://doi.org/10.1207/S15327965PLI1104\\_01](https://doi.org/10.1207/S15327965PLI1104_01)

ӘОЖ 78 (075)

## БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМІН БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Асантаева Ұлтуаш Сейдеханқызы

«Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент университеті, Шымкент қ.  
Қазақстан.

[assantayeva@mail.ru](mailto:assantayeva@mail.ru)

**Аннотация.** Балалардың музыкалық білімін бағалаудың тиімділігі – оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыратын, баланың музыкалық дамуын кешенді қадағалауға мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық үреріс ретінде қарастырылды. Музыка сабағында бағалаудың мақсаты оқушының музыкалық білім, білік, дағды деңгейін анықтай отырып музыкалық қабілеттерінің дамуын қадағалайды. Оқу процесін кері байланыс орнату арқылы оқушыны ынталандыру, музыкаға деген қызығушылығын арттыру керектігін жүйелі жүргізу қарастырылды. Музыка сабағында ән үйрету, музыка тыңдау, нота сауаттылығын үйрету салаларын меңгерте отырып оқушыларды бағалаудың тиімділігі ерекшеленеді.

**Annotation.** The effectiveness of assessing children's musical education was considered as an important pedagogical process that increases the quality of the educational process, which allows you to comprehensively monitor the musical development of the child. The purpose of the assessment in a music lesson is to track the development of the student's musical abilities, determining the level of musical knowledge, skills and abilities. In music lessons, the effectiveness of evaluating students is distinguished by mastering the areas of teaching songs, listening to music, teaching musical literacy.

**Түйін сөздер:** Критерий, процесс, дифференциалды, форматив, сумматив, психология, физиология, мотивация, эстетика, музыка, специфика, эмоция, педагог, интонация, импровизация, темп, портфолио.